

¹Шарыпқазы Н., ²Қалиолла А.

¹оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

²оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nurken.ardak@mail.ru

**ЖАҢА ҒАСЫРДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТА АЗИЯДАҒЫ
ЖАҢА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ**

Мақалада Қытайдың Орталық Азия геосаяси аумағына кіретін мемлекеттерге қатысты энергетикалық стратегиясы қарастырылады. Бүгінгі таңда қарқынды дамып келе жатқан бұл аймақтағы Қытайдың мүдделері туралы сөз қозғалып, энергетикалық стратегиясының негізгі бағыттары айқындалады. Сондай-ақ, Орталық Азиядағы 5 ел, соның ішінде негізгі бай энергетикалық көздеріне ие болып отырған Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстанның Қытаймен арадағы сауда-энергетикалық келісім шарттары және басқа да сауда-экономикалық байланыстарының негізгі стратегиялық бағыттары мен ұстанымдары айқындалады. Қазақстанның Қытаймен қарым-қатынасын орнатуда қандай экономикалық артықшылықтары мен дипломатиялық жолдары бар екендігі және оны тиімді пайдалану жолдары туралы кең көлемде баяндалады.

Түйін сөздер: стратегия, Орта Азия, саясат, энергетика, Қытай, инвестиция, Кеңес Одағы, реформа, Мұнай-газ.

¹Sharypkazy N., ²Kaliolla A.

¹lecturer of the department of Sinology
Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com,

²lecturer of the department of Sinology
Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nurken.ardak@mail.ru

China's New Energy Strategy in Central Asia in the new Century

The article deals with the energy strategy of China in relation to the States included in the geopolitical territory of Central Asia. To date, we are talking about the dynamically developing interests of China in this region, and the main directions of China's energy strategy are determined. Also, the main strategic directions and principles of trade and energy contracts and other trade and economic relations of 5 countries of Central Asia with China, including Kazakhstan, Uzbekistan, Turkmenistan, owning the main rich energy sources, will be determined. The article describes the economic advantages and diplomatic approaches to the establishment of relations between Kazakhstan and China, and is widely covered in terms of its effective use.

Key words: strategy, Central Asia, politics, energy, China, investment, Soviet Union, reform, oil, gas.

¹Шарыпқазы Н., ²Қалиолла А.

¹преподаватель кафедры китаеведения, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

²преподаватель кафедры китаеведения, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nurken.ardak@mail.ru

Новая энергетическая стратегия Китая в Центральной Азии в новом веке

В статье рассматривается энергетическая стратегия Китая в отношении государств, входящих в геополитическую территорию Центральной Азии. На сегодняшний день речь идет о динамично развивающихся интересах Китая в этом регионе, и определяются основные направления энергетической стратегии Китая. Также будут определены основные стратегические направления и

принципы торгово-энергетических контрактов и другие торгово-экономические связи 5 стран Центральной Азии с Китаем, в том числе Казахстана, Узбекистана, Туркменистана, владеющих основными богатыми энергетическими источниками. В статье излагаются возможные экономические преимущества и дипломатические подходы к установлению отношений Казахстана с Китаем и широко освещаются в плане его эффективного использования.

Ключевые слова: стратегия, Центральная Азия, политика, энергетика, Китай, инвестиция, Советский Союз, реформа, нефть, газ.

Кіріспе

XXI ғасырда Қытайдың әлемдік аренадағы ықпалының арта түскені айқын байқалады. Қазіргі кезеңдегі геосаясатта Қытай Халық Республикасы теңдесі жоқ экономикалық өсу есебімен құрылуда. Бүгінгі таңда Қытай динамикалық түрде дамып жатқан экономикаға ие мемлекет болып табылады. Жыл сайынғы Қытай экономикасының өсу темпі 9-11%. Тіпті, осы ғасырдың екінші онжылдығында Қытай жалпы ұлттық өнімнің көлемі бойынша АҚШ-ты басып озып, әлемдегі нөмір бірінші экономика мәртебесіне ие болуы мүмкін деген болжамдар да айтылып жүр. «Үлкен Қытайдың» (ҚХР, Гонконг, Тайвань) экспорты жапондықтардан асып түсті. Қытайдың қаржы резерв көрсеткіштері (403,3 млрд доллар) дүние жүзі бойынша тек қана Жапония мен Тайваньға орын береді. Бұлай болуының өзіндік заңдылығы бар. Өйткені жаңа ғасырға дейін Қытай жиырма жылдан аса қоғамдық реформа жүргізіп, экономикасын қарқынды даму арқылы жаңа ғасырға әлемдік ұлы держава ретінде қадам басты. Қытай реформаларды кезең-кезеңімен, реті-ретімен біртіндеп жүргізді, бірақ зор нәтижелерге қол жеткізіп отыр (Намгаев, F.M., 2010, 14).

Қытайдың глобалды стратегиясының жүзеге асуы екі маңызды аспектіге байланысты:

– жақын көршілерімен қарым-қатынасының тұрақтылығы;

– глобалды лидерлермен бейбіт қарым-қатынаста болуы.

Алайда, Жалпы Ішкі Өнімнің артуымен энергияға деген қажеттілік те артуда. Қытайдың экономикасы қарқынды дамып, адами әлеуетінің артуы шикізат пен отын-энергетикалық ресурстардың жаңа көзін табуға итермелеп отыр. Қытайдың өзіндік мұнай, газ және басқа да ресурстардың жеткіліксіздігінен Бейжің Қытайдан тыс жерлерден энергетикалық ресурстарды іздеу саясатын белсенді түрде жүргізіп отыр. Негізінен мұнай Таяу және Орта Шығыс аумақтарынан импортталатын, алайда аумақтың саяси тұрақсыздығынан, теңіз байланыстары-

ның қауіптілігінен Қытай өкіметі алдында үлкен мәселе туындады. Өзге аймақтармен энергетика саласындағы байланыстарды жүргізу, бұл тұста Қытай үшін ең қолайлы аумақ – табиғи қазба байлықтары мол, халқы сирек қоныстанған Орталық Азия мемлекеттері үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл жайында New York Times газетінде Қытай Халықтық азат ету армиясының генералы Лю Яжоудың «Орталық Азия – құдайдың Қытайға берген үлкен сыйы» деген пікірі бар (Robert G., 2005,). Бұл бір ауыз сөзден Орталық Азияның Қытай үшін маңызы зор стратегиялық серіктес екенін аңғаруымызға болады.

Негізгі бөлім

XX ғасырдың 90-жылдарының басында Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия аймағындағы елдер халықаралық қатынастар жүйесінің жаңа қатысушыларының қатарына қосылғаны хақ. Орталық Азия аймағының басым бөлігімен шектесіп жатқан Қытай Халық Республикасы жаңа тәуелсіз елдермен саяси, экономикалық ынтымақтастықты қалыптастыру мақсатында жаңа саяси шынайылық негізінде өзінің сыртқы саяси, экономикалық стратегиясын тұжырымдады. Соның ішінде XX ғасырдың соңындағы Қытайдың экономика саласындағы екпінді дамуы оның энергетика көздеріне деген тапшылығын арттыра түсті. Осы тұрғыда, қазіргі заман қоғамының өміріндегі энергетика түсінігіне тоқталып өтсем. Энергетика экономиканың негізгі инфрақұрылымы болып табылады. Шындығында, оның даму деңгейі жалпы экономиканың даму деңгейін анықтайды, өйткені энергетикалық инфрақұрылым экономикалық прогресті ынталандыратын фактор ретінде (қазіргі заман және қолайлы энергетикалық инфрақұрылымның болуы, бизнесті дамыту мен инвестицияларды тартатын маңызды фактор болып табылады) және оны шегеретін фактор (ұлттық экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін энергетикалық қаттың дефицитінің бар болуында) болуы мүмкін. Демек, энергетика геосаясаттың негізін құрайды, жалпы әлемдік дамудың тұрақтылық кепілі болатын, энерго-

ресурстардың экспорт-елдері мен импорт елдері үшін ойынның ережелерін береді, жалпы экономикалық және салааралық ұйымдар шеңберіндегі аймақтық және ғаламдық деңгейлерде мемлекетаралық бірлестіктің маңызды салаларының бірі.

Олай болса, Қытай енді Орталық Азия аймағындағы энергетикалық әлеуетке ие мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастар орнатып, бұл мемлекеттерге қатысты энергетикалық стратегия жоспарын құрастырып қойды. Ондай орталықазиялық мемлекеттердің қатарына Қазақстан, Өзбекстан және Түрікменстанды қосуға болады. Қытай мен Қазақстан жиырма жыл ішінде саяси, экономика мәдени салалардың барлық жағын қамтыған ынтымақтастықты жетілдіре түсуде. Екіжақты қатынастарда энергетика саласы да елеулі орынға ие. Сол ретте Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетикалық ынтымақтастық «Мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісім» (1997 ж.), «Қазақстаннан Қытайға мұнайқұбырын салу туралы келісім» (1997 ж.), «Энергетика мен несие беру саласындағы кешенді ынтымақтастық туралы меморандум» (2009 ж.), «Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнайгаз саласындағы ынтымақтастықты кеңейту туралы келісім» (2009 ж.) сияқты екіжақты келісімшарттармен реттелуде (Steve C., 2008, 2). Бұл екі елдің энергетика саласындағы ынтымақтастығын нығайта түсуде. Бүгінгі таңда жалпы екі елдің сауда айналымы 2013 жылы 28 млрд америкалық доллардан асты. Қытайдың Қазақстандағы инвестиция көлемі болса 26 млрд америкалық доллардан асуы, негізінен екіжақты энергетикалық ынтымақтастықтың нәтижесі. Сондықтан да Қытай басшылары Орталық Азия мемлекеттерімен сауда-экономикалық байланыстарды барынша кеңейтуді көздеді, ал мемлекеттер негізгі сыртқы экономикалық және саяси бағыттарын заман талабына сай өздері таңдады. Жаңа түрдегі мемлекетаралық қатынастар, бүгінгі әлемде халықтардың даму жолын еркін таңдау құқығымен және көптармақты әлемде өз даму үлгісін қалыптастырудың жоғарғы деңгейімен сипатталады. Идеологиядағы, қоғамдық құрылыстағы, экономикалық даму деңгейіндегі, дәстүрлердегі, мәдениеттегі айырмашылықтар – ешбір елдер арасындағы жан-жақты байланыстардың қалыптасуына кедергі бола алмайды. Орталық Азия мемлекеттерінің Қытаймен қатынастардағы құжаттардан көрінетін жаңа қатынастардың бұл қағидасы, осы елдердің халықтарының мүдделеріне сай келіп,

мемлекетаралық байланыстардың жалпыға бірдей халықаралық өлшемдерін көрсетеді. ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттер арасындағы мемлекетаралық қатынастарда халықаралық құқықта бекітілген аумақтық тұтастық пен егемендікті өзара құрметтеуді ерекше атап өткен жөн. Орталық Азия елдерінің үкіметтері Қытаймен дипломатиялық қатынастарын нығайту мақсатында Тайвань мен Тибеттің Қытайдың бөлінбес бөлшегі екенін, ҚХР үкіметінің бүкіл Қытайдың бірден-бір заңды үкіметі екенін нақты мәлімдеген болатын. Өз кезегінде қытай басшылары өз мәлімдемелерінде Қытайдың орталықазиялық елдермен тату көршілік қатынастарын орнатып, әлемде өзіндік ықпал ету аймағын құруға, үстемдікке немесе күштеу саясатын жүргізуге ұмтылмайтындығын, керісінше мемлекеттердің әлемнің осы өңірдегі тұрақтылыққа, лаңкестікке, сепаратизмге, діни экстремизмге және есірткі саудасы мен тасымалына қарсы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған әрекеттеріне қолдау көрсетуге дайын екенін дәйектеуде.

Орталықазиялық елдер мен ҚХР үкіметтері шешімін іздеген аумақтық мәселелерді тек бейбіт түрде, келіссөздер арқылы шешумен келеді. Бұған ҚХР-мен Қазақстан, Қырғызстан, Ресей арасындағы шекара шебін айқындауға арналған бірқатар келісімдердің болуы куә. Қытай басшыларының пікірінше, олар жүргізіп отырған сыртқы саясатының Орталық Азиядағы бес мемлекеттің сыртқы саясатымен сәйкестігі өте көп. Тараптарды олардың арасындағы байланыстардың көпжақты ынтымақтастықты орнату мақсатындағы ұзақ мерзімді және тату көршілік достық негізінде даму керек деген ортақ ой біріктіреді. Осы ойды айғақтай келе 2005 жылғы маусымда болып өткен сыртқы істер министрлерінің кеңесінде ҚХР-дың сыртқы істер министрі Ли Джаосин Қытай өзінің сыртқы саясатында әрқашан Орталық Азиядағы бес мемлекетке үлкен мән беретіндігін ашық атап өтті Гуревич Б.П. (Гуревич Б.П., 1989, 22). Қытайдың Орталық Азия өңірінде жүргізіп отырған стратегиясы негізінен оның дәстүрлі сыртқы саясат әдістеріне бағытталған. Бірақ соған қарамастан Қытай осы өңірдегі өзінің ұстанымдарын берік бекітіп, жетекшілік рөлге деген ұмтылысын ашық білдірмеуге тырысады. Бұл, жалпы қытайлық дипломатияға тән қасиет десе болады. Дегенмен де, Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы экономикалық байланыстардың тереңдей түсуіне отын-энергетикалық саладағы ынтымақтастық та өзіндік ықпалын тигізуде.

Мұнай мен газ қорларына бай Орталық Азия өңірі шығыстағы Қытайдың ғана емес, бүгінгі күні бүкіл әлемнің алпауыт мемлекеттерінің назарын аударған стратегиялық маңызды аймақ ретінде саналады. Олай болса, Қытай үшін жақын аумақта орналасқан Қазақстан, Түрікменстан, Өзбекстан сияқты елдермен энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамыту, яғни жақын маңнан энергия көздерін тасымалдау өте оңтайлы.

Көмірсутек қоры бойынша әлемде алдыңғы қатарлы орындардың бірін иеленетін Түрікменстанға Қытайдың іскерлік топтары қызығушылық танытып, оның аймағында екіжақты ынтымақтастықтың нығаюына «Синопек» Қытай мұнай-химия корпорациясы өз үлесін қосуда. Сонымен қатар ҚХР қойнауы пайдалы қазбаларға бай Өзбекстан Республикасына да аса қызығушылықпен қарайды. Геостратегиялық мағынада Парсы шығанағындағы, Каспий теңізі бассейніндегі және Тарим бассейніндегі бай қойнауларға жақын орналасуы Өзбекстан Республикасының маңыздылығын арттыра түсті. Сондықтан Қытай Халық Республикасы Өзбекстан Республикасының болашақта аймақтық және трансконтиненталдық коммуникациялардың түйісетін аумағына айналатындығын естен шығармайды (Е. Czuchen., 1998, 7).

ҚХР ел экономикасының дамуына, сонымен қатар мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуде энергетикалық қорлардың рөлі жоғары екендігін жақсы түсінгендіктен, өзінің энергетикалық қауіпсіздігіне аса зор көңіл аударуда. Қытайдың аймақтағы сыртқы саясаты, оның ішкі даму артықшылықтарымен тікелей байланысты, яғни көмірқышқыл шикізаттары мен минералды қорларды импорттау мен экспорттау және өнім өндіруді дамытуға, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге негізделген. Соған орай Қытай осы жылдар кезінде Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның экономикалық әріптесі болып табылады. Қытай осы мемлекеттердің маңызды экономикалық салаларына кең көлемде кіруге тырысуда, ол үшін мемлекеттердің энергетикалық және жүк тасымалдау салаларына инвестиция құюды арттырып келеді.

Сонымен бірге ҚХР жетекшілері ШҰАР-дағы Шыңжан - Шанхай «Батыс газ дәлізімен» жалғасатын бірнеше газ құбырларын салу мүмкіндіктерін қарастыруда.

Бірінші нұсқа - Қазақстандағы Қарашығанақ газ кен орнынан жылына 25 млрд. текше метр

өнімділігі және ұзындығы 3370 шақырымға созылған құбыр. Қарашығанақтың газ қоры 1,3 млрд текше метрге бағаланып отыр.

Екінші нұсқа – Түрікменстаннан ұзындығы 2150 шақырым газ құбырын салу (Коен А., 2006,6).

Табиғи газ өндіру көлемі бойынша Қазақстан 2015 жылдары шамамен 50 млрд куб. м өндіру жобалануда, ал ішкі тұтынудың көлемі 16 млрд куб. м аспайды. Олай болса, бұл көк отынды да Қытайға сату мүмкіндігі кеңейеді. Яғни екі ел арасында газ саласындағы ынтымақтастықтың мүмкіншіліктері де мол. Демек, Орталық Азия және Каспий өзенінің бассейні – бұл жаңа геосаяси бәсекелестікті жандандырған, мұнай өндіру саласының арта түскен өңірі. Орталық Азия мен Каспий теңіз бағыттары Қытай үшін өте қолайлы таңдау болып табылады. Бұл бағыт Парсы шығанағындағы мұнай өндіруші мемлекеттерге деген тәуелділікті азайтады. Сондай-ақ бұл аймақтан мұнай тасымалдау әлдеқайда қауіпсіз, жылдам және мұнай-газ құбырымен жүзеге асырылады. Сондықтан орталықазиялық аймақ пен Каспий өңірі Қытайды өзінің тиімділігімен қызықтырады. Қытайдың Орталық Азия аймағындағы басты мүддесі мұнай-газ саласы болса да, Қытай өзінің экономикалық саясатын аймақтағы басқа да энергетикалық салаларға бағыттаған. Қазақстандағы атомдық энергетика, Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстандағы электроэнергетика, сонымен қатар Қырғызстанның көмір саласы бойынша Қытай өзіндік жобалар құруда (Kaukenov A.S., 2008). Қазақстан Қытай үшін Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ең маңыздысы іспеттес. Осындай тығыз байланыстардың негізі мыңжылдық тарихы бар және Жібек жолымен байланысты. Қазақстанның теңіз және теңіз жағалауларындағы кендерінің қорлары 37 млрд мұнай баррельге және 3,3 трлн текше метр газға тең. Бұл Республикаға әлемдегі алып мұнай өндірушілердің қатарына кіруге жол ашты. Қазақстан мен Қытай арасында энергетикалық салада бірқатар нақты шаралардың жүзеге асқандығын білеміз. Мәселен, 2006 жылы жылына 10 млн. тонна мұнайды тасымалдауға шамасы жететін алғашқы «Атасу–Алашаңқай» мұнай құбыры іске қосылса, 2009 жылдың қазан айында 20 млн. тонна мұнайды тасымалдауға мүмкіншілігі бар екінші «Кеңқияқ–Құмкөл» мұнай құбырының іске қосылғандығы баршамызға мәлім. Сондай-ақ Қытайға Өзбекстан мен Қазақстан арқылы негізгі газ тасымалдаушы ел ретінде Түрікменстанды айтуға болады. 1996 жылдың сәуір айында да

Қытай мен Түрікменстан арасында табиғи-газға байланысты келісімшартқа қол қойылып, соның нәтижесінде Түрікменстан Қытайға 2008 жылдан бастап жылына 30 млрд. текшеметр, 2010 жылдан бастап әр жыл сайын 50 млрд текшеметр газ экспорттауға келіскен болатын. Қазіргі таңда бұл уағдаластық жүзеге асуда. Бұл жоба Қытай елі үшін шетелден табиғи газды тасымалдаудың ең алғашқысы еді. Екінші жағынан орталықазиялық газ құбыры Түрікменстан үшін өзінің нарық кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік туғызды. Өйткені бұған дейін түрікмендік газ тек Ресей мен Иранға жіберумен шектелген болатын. Ал енді жаңа келісімдердің нәтижесінде Түрікменстан Қытайға жылына 65 млрд текшеметр газ экспорттауға келісті. Көпжақты мұндай келісімдер екі елдің де экономикалық мүдделеріне сәйкес келуде. Достық келісімдер тек аймақтық қана емес, сонымен бірге ғаламдық деңгейдегі бейбітшілікті нығайтудың, тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамудың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы бағытта Қытай мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық та кең көлемде дамуда десе болады. Қытайдың энергетикалық саясатына сай 2010 жылы 9–11 маусымда Қытай ұлттық мұнай компаниясы мен «Өзбекмұнайгаз» арасында келісім жасалып өзбектер де Қытайға 10 млрд текшеметр газ экспорттауға келіскен болатын. Сол ынтымақтастықтың аясында биылғы жылы тамызда екі ел арасында техника-экономикалық ынтымақтастықты әрі қарай дамыту мақсатында, энергетика, жоғары технология сияқты салалардағы әріптестікті нығайтуға бағытталған бірқатар келісімдерге келгені аян. Осы келісімдердің негізінде Қытай мен Өзбекстан 2014-2018 жылдарға белгіленген стратегиялық әріптестік қатынастарын дамыту бағдарламасын қабылдайды. Осы келіссөздердің нәтижесі бойынша Өзбекстан президенті И. Кәрімов: «Біз жалпы құны 5,2 миллиард долларды құрайтын ынтымақтастық туралы 22 келісімдерге қол қойдық. Сауда келісімдерін ескеретін болсақ осы сапар барысында жасалынған келісімдердің жалпы құны 6 миллиард доллардан асады», – деп мәлімдеген еді. Ия, Қытай Өзбекстанның сауда-экономикалық және инвестициялық ірі әріптестерінің бірі болып келеді. Нақтылайтын болсақ, соңғы алты жыл ішінде екі ел арасындағы сауда айналымының көлемі алты есеге өсіп, 2013 жылы 5,2 миллиард долларды құраған. Өзбекстанда бүгінгі күні 482 өнеркәсіп қытайлық әріптестердің қатысуымен құрылған, олардың жетпістен астамы таза жүз пайыз көлемінде қытайлық капиталға құрылған. Сонымен бірге Өзбекстанда

ҚХР-дың 74 компаниясының өкілдігі ресімделінген. Екіжақты қарым-қатынастар жылдан-жылға тек арта түсуде. Қытай Халық Республикасының Тәжікстанмен қарым-қатынастарына көңіл бөлетін болсақ, екі ел экономика, сауда және инвестиция саласындағы ынтымақтастықты жетілдіруге бағытталған 2015-2019 жылдардың бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алды. Соңғы алты жыл көлемінде Тәжікстан экономикасына салынған қытайлық инвестицияның ауқымы \$500 млн деңгейіне жақындады. Әрине, ең алдымен тәжік-қытай алтын өндіру кәсіпорны «Зарафшон» тек 2013 жылдың өзінде \$60 млн астам инвестиция салған еді. Сонымен бірге екіжақты таукен өнеркәсіптері де елеулі орынға ие. Екі елдің экономикалық ынтымақтастығы барысында 2013 жылы Түрікменстаннан Қытайға бағытталған Трансазиат газ магистралының төртінші кезегін салуға Тәжікстанның да қатысуы үлкен мәнге ие болды. Бұл жобаның жүзеге асуы Қытай тарапынан төте \$3 млрд астам инвестицияның құйылуына мүмкіндік туғызды. ҚХР-дың Ұлттық мұнай және газ корпорацияларының (CNPC) Тәжікстандық мұнайгаз саласына енуі екіжақты ынтымақтастықтың тереңдей түсуіне әкелері сөзсіз (Kaukenov A.S., 2008).

Ал, Қытайдың Орталық Азиядағы келесі ел Қырғызстанмен қатынасы да стратегиялық әріптестік негізінде электроэнергетика, мұнайгаз саласы, гидроэнергетика сияқты салаларда да кеңейе түсуде. Екі ел де өзара қызығушылық туғызатын энергетика саласындағы жобаларды жүзеге асыруға дайын екендіктерін мәлімдеп келеді. ҚР мен ҚХР арасында қол қойылған құжатта «Қырғызстан-Қытай» газқұбырын, «Датка-Кемин» электр желісін салу жоспарланған. 2013 жылы 11 қыркүйекте қол қойылған «Қырғызстан-Қытай» газқұбырын салу және пайдалану бойынша ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім екіжақты қарым-қатынастардың нығая түсуінің белгісі. Жалпы тұрақты дамудың негізгі көзі халықты заманға сай энергиямен қамтамасыз ету. Сол ретте аймақтық елдер де тұрақты энергетиканы дамытуға ұмтылуда.

Орталық Азияда Қытайға газ тасымалдайтын құбыр салынған. Газ құбырының А тармағы – 2009 жылы, В тармағы 2010 жылы іске қосылған және ол арқылы қазір жылына 28 миллиард текше метрге жуық газ тасымалданады. Бүгінгі таңда, Қытай үшін газ импортының қажеттілігінің артуына байланысты, құбырдың үшінші – С тармағы іске қосылды. Қытайдың China National Petroleum Corporation (CNPC) корпорациясының хабарлауынша, Түрікменстан-Өзбекстан-

Қазақстан-Қытай арқылы өтетін газ құбырынан өткен жылдың 31 мамырынан бастап Түрікменстаннан Өзбекстанға газ тасымалдана бастаған. Құбырдың бұл тармағының ұзындығы 1830 километрге созылады және ол арқылы 2015 жылдан бастап жылына 25 миллиард текше метр газ тасымалдану жоспарланып отыр. Мұның 10 миллиард текше метрін – Түрікменстан, 10 миллиард текше метрін – Өзбекстан, қалған 5 миллиард текше метрін Қазақстан қамтамасыз етпек. 2015 жылдың соңына таман тұтас құбыр арқылы тасымалданатын газ көлемі жылына 55 миллиард текше метрге жетеді деген жоспар бар. CNPC бұл келісім-шарттың өзге шарттарын құпия күйінде қалдырды. Табиғи газдың Қытайға сатылатын бағасы ресми түрде хабарланған жоқ. CNPC оны «коммерциялық құпия» деп атады.

BP Statistical Review мәліметтеріне сүйенсек, 2007 жылғы статистика бойынша, Орталық Азиядағы мұнай мен газ қорының көлемі мынадай: (Niklas Swannstrom., 2008).

	Мұнай (млрд/т)	Газ (кубтық метр)
Қазақстан	5,6	1,9
Өзбекстан	0,1	1,74
Түркменістан	0,1	2,67

Қазіргі кезде Қытай экономикасының қарқынды дамуы, отын-энергетикалық жиынтықтың дамуының сәйкестілігімен қамтамасыз етілмеуде. Соңғы жылдары Қытайда, энергетикалық тұтынушы көздері үстемдік етуде, 2006 жылы оның пайдалану көрсеткіші басқа энергетикалық көздермен салыстырғанда 64%-ды құрады. Ұзақ уақыт бойы, Қытай көмір өнеркәсібінен бірінші орында тұр. Осы саланың керемет көп қорларына байланысты, оның Қытайда әлі де көп жылдар бойы негізгі энергетика саласы ретінде болып қалатыны айқын. Бірақ көмірдің энергетика саласында үстемдігі елдің экологиялық ахуалына кері әсерін тигізеді сөзсіз. Олай болса, елдегі экологиялық жағдай да Қытайдың энергетикалық саласын қайта қарастырып, газ саласына көңілін аударуға мәжбүрлеп отыр. Сонымен бірге болашақта Қытай автокөлік саны бойынша дүние жүзінде алдыңғы қатарға шығуы әбден мүмкін. Бұл өз кезегінде энергокөздеріне деген қажеттіліктің ұлғая түсуіне әкелері анық. Қытайдың осы даму қарқынымен алдағы кезеңін болжайтын болсақ, кейбір сарапшылардың пікірі бойынша 2020 жылы мұнайды тұтыну 2000 жылмен салыстырғанда 2-2,6 есеге көбейгені-

мен, тек оның өндіруі энергокөздерінің шектеулігіне байланысты тым көбейе қоймайды дейді. Олай болса бұл өз кезегінде Қытайды сырттан тасымалдайтын мұнайға деген тәуелдігін 66-77 пайызға дейін көтеруі ықтимал. Сондықтан да, Қытай Халық Республикасының Орталық Азия аймағындағы энергетикалық стратегиясы тек кеңейе түсері ешқандай күмән туғызбайды. Ал Орталық Азия елдері Қытайдың осындай қажеттіліктерін өзара тиімді негізде пайдалана білуі керек. Қытай жағы аймақтағы елдердің қиыншылықтарын ұтымды пайдаланып келеді. Мысалы, Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстанның мұнай мен газ қорларын барлаудағы күштері мен мүмкіншіліктері шектеулі, сондықтан олар мұнай мен газ саласын барлау мен өндірудегі құқығын шетелдік компанияларға беруге мәжбүр. Осыны пайдаланған Қытай, ОА аймағындағы мемлекеттерге энергетика саласында инвестиция құйып, өзінің энергетикалық стратегиясын жүзеге асыруда.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Қытайдың Орта Азиядағы жаңа энергетикалық стратегиясын төмендегідей бірнеше фактор негізінде дамиды деп айқындауға болады:

Энергетикалық фактор. Қытайдың экономикасы қарқынды дамып, адами әлеуетінің артуы шикізат пен отын-энергетикалық ресурстардың жаңа көзін табуға итермелеп отыр. Соңғы жылдары Қытайда, энергетикалық тұтынушы көздері үстемдік етуде, Қытайдың осы даму қарқынымен алдағы кезеңін болжайтын болсақ, кейбір сарапшылардың пікірі бойынша 2020 жылы мұнайды тұтыну 2000 жылмен салыстырғанда 2-2,6 есеге көбейгенімен, тек оның өндіруі энергокөздерінің шектеулігіне байланысты тым көбейе қоймайды дейді. Олай болса бұл өз кезегінде Қытайдың сырттан тасымалдайтын мұнайға деген тәуелдігін 66-77%-ға дейін көтеруі ықтимал.^[7] Қытай үшін табиғи қазба байлықтары мол, халқы сирек қоныстанған Орталық Азия мемлекеттері энергетика көзі ретінде үлкен маңызға ие болып отыр. Орталық Азиядан мұнай тасымалы қауіпсіз, жылдам, әрі анағұрлым арзан (жерасты құбырлары арқылы) болып табылады. Оның үстіне, Орталық Азиядағы энергия ресурстары Қытайдың энергетикалық ресурстарға деген тапшылығын жоюға жеткілікті. Олай болса, Қытай үшін жақын аумақта орналасқан Қазақстан, Түрікменстан, Өзбекстан сияқ-

ты елдермен энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамыту, жақын маңнан энергия тасымалдауға өте оңтайлы.

Экономикалық серіктестік. Қытай мен Орта Азия мемлекеттері арасында экономикалық серіктестіктер энергетикалық ресурстар және сауда нарығы аясында жүзеге асуда. Біртіндеп экономикалық байланыстарды орната келе, Қытай Орта Азия мемлекеттері үшін маңызды бизнес-серіктес болып отыр. 2008 жылы ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы тауар айналымы 25 млрд АҚШ долларына жетті.

Аумақтың транзиттік потенциалы. Орталық Азия Қытай үшін «көліктік (транспорттік)

дәліз» ретінде өте маңызды. Орталық Азия аумағы Иранға, Таяу Шығысқа, Жерорта теңізіне, Еуропаға шығатын қақпа. Осындай мақсатта Қытай басшысы Си Цзиньпин жаңа технологиялық негіздегі «Ұлы Жібек Жолын» жандандыру жобасын ұсынды. Бұл жоба бойынша, Ираннан Парсы шығанағына, Пәкістан арқылы Үнді мұхитына жол ашылмақ. Басқаша айтқанда, Қытай үшін перспективалық евразиялық дәліздер салынады. Бұл өз кезегінде қытай өнімдерінің Еуропаға тасымалдану уақытын және транспортацияға жұмсалатын қаржы мөлшерін азайтады. Бұл жоба Қытайдың осы геосаяси аймақтағы өзге интеграциялық бірлестіктерге жауабы.

Әдебиеттер

- Хамраев Ф.М. «Особенности стратегии Китая в Центральной Азии: трансформация и обновление», 2010 ж.
Robert G., «China's rise in Asia: promises and perils», 2005 ж.
Steve C., «China, the U.S., and the power-transition theory: a critique», 2008 ж.
Гуревич Б.П. «Международные отношения в Центральной Азии», 1989 ж.
Е Цзычэн. «Стратегия, политика и дипломатия Китая» // Пекин: Бэйцзин чубаньшэ, 1998 ж.
Коэн А. «Дракон смотрит на Запад: Китай и Шанхайская организация сотрудничества», 2006 ж.
Каукенова А.С. «Китай в XXI веке: Актуальные тенденции развития ключевых сфер жизни», 2008.
Niklas Swanstrom «China and Central Asia: a new Great Game or traditional vassal relations?», 2007.

References

- Hamraev F.M., "Osobennosti strategii Kitaya v Centralnoi Azii: transformaciya i obnovenie", 2010 zh.
Robert G., "China's rise in Asia: promises and perils", 2005 zh.
Steve C., "China, the U.S., and the power-transition theory: a critique", 2008 zh.
Gurevich B.P. "Mezhdunarodnye otnosheniya v Centralnoi Azii." 1989 zh.
E. Czichen. "Strategia, politika i diplomatia Kitaya" // Pekin: Beiczin chubanshe, 1998 zh.
Koen A. "Drakon smotrit na zapad: Kitay i Shanhaiskaya organizaciya sotrudnichestva." - 2006 zh.
Kaukenov A.S. "Kitay v XXI veke: aktualnye tendencii razvitiea klyuchevyh sfer zhizni." -, 2008.
Niklas Swanstrom "China and Central Asia: a new Great Game or traditional vassal relations?" -, 2007.